

А.М. Мухтарханова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., e-mail: ainagul_mukhtark@mail.ru

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ СИЛЛАБУС ТҮРЛЕРІНЕ СИПАТТАМА

Ағылшын тілін меңгеру – жалпы білім беретін мектепте, арнайы және жоғары оқу орындарында әр адамның жеке қызығушылығымен қатар, мемлекет талабы мен әлеуметтік-саяси қажеттілік. Тіл меңгерудің ажырамас бөлігі – оқу бағдарламасы. Отандық білім беру жүйесінде оқу бағдарламасы білім беру құрылымының және оқу үдерісін ұйымдастыруда, оны оқу-әдістемелік қамтамасыз етудегі ең шешуші және маңызды құралдардың бірі болып табылады. Алайда, мақаланы даярлау барысында, аталмыш тақырып елімізде әлі де терең зерттеліп, ғылыми тақырыпқа айналмағаны байқалды. Ұсынылып отырған мақалада шетел тілін, оның ішінде ағылшын тілін оқытудағы силлабустардың түрлеріне талдау жасалды. Алдымен силлабустың анықтамасы әлемдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, айқындалып, оның мақсат-міндеттері қарастырылды. Еліміздегі контексте де силлабус анықтамасы берілді. Мақаланың негізгі акценті силлабус түрлерін талдауға негізделген, сондықтан силлабустың пайда болу тарихы мен ерекшеліктеріне тоқталып, түрлі әдістермен байланысы қамтылып, әдіс ұғымы да қысқаша қарастырылды. Мақалада оған қоса, әр түрлі силлабустардың кемшіліктері мен артықшылықтары ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, талқыланды. Сонымен қатар, талдау барысында оқушыны академиялық силлабустың маңызды компоненттерімен таныстырып, оқу бағдарламаларын салыстырып, силлабусты зерттеген ғалымдардың еңбектерінен мағлұмат беріп, алдағы уақытта силлабус жайлы тереңірек зерттеулерге өзек болса деген мақсат болды.

Түйін сөздер: силлабус түрлері, шетел тілін оқыту, оқыту әдісі, силлабус компоненттері, силлабустардың артықшылықтары мен кемшіліктері.

A.M. Mukhtarkhanova

L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Kazakhstan, Nur-Sultan, e-mail: ainagul_mukhtark@mail.ru

Description of Syllabus Types in Teaching English

Knowledge of the English language is not only the personal interest of each student in a comprehensive school, specialized or higher educational institution, but also the requirements of the state and socio-political needs. An integral part of language learning is the syllabus. The syllabus in the domestic education system is one of the most important and decisive tools in the organization of the educational process, its educational and methodological support. However, during the preparation of the article, it was noted that this topic is still not thoroughly studied as a scientific topic in our country. The researcher analyzed the types of syllabuses for teaching a foreign language, including English. First, the concept of the curriculum was determined on the basis of the scientific works of world scientists, the goals and objectives of the syllabuses were considered. The syllabus in the context of our country is also highlighted. The main emphasis in the article was placed on the analysis of the types of syllabus, so we focused on the history and features of the syllabus, its relationship with various teaching methods. The article also discussed advantages and disadvantages of various syllabus, based on the opinions of scholars. The analysis was also aimed at acquainting readers with the important components of the syllabus, with comparisons of syllabuses, with scientists who studied the syllabus, and focus on further in-depth studies of the syllabus.

Key words: types of syllabuses, teaching foreign languages, teaching methods, syllabus components, advantages and disadvantages of the syllabus.

А.М. Мухтарханова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Қазақстан, г. Нұр-Сұлтан, e-mail: ainagul_mukhtark@mail.ru

Виды силлабусов в преподавании английского языка

Знание английского языка – это не только личная заинтересованность каждого учащегося в общеобразовательной школе, специализированном или высшем учебном заведении, а также

требования государства, международный вызов. Неотъемлемой частью изучения языка является учебная программа. Учебный план в отечественной системе образования является одним из важнейших и решающих инструментов в организации образовательного и учебного процесса, его учебно-методической поддержке. Однако в ходе исследования, выявлено, что данная тематика все еще не глубоко изучена и не является чисто научной тематикой в нашей стране, носит научно-методический характер. В данной статье анализируются виды учебных программ для преподавания иностранного языка, в том числе английского языка. В начале статьи дано определение понятия учебного плана на основе научных работ зарубежных ученых, были рассмотрены цели и задачи учебных программ. Также раскрыты подходы к проектированию учебных программ в нашей стране. Основной акцент в статье был сделан на анализ типов учебных программ, поэтому мы сосредоточились на истории и особенностях учебного плана, его связи с различными методами преподавания. В статье также обсуждались недостатки и преимущества различных учебных планов, основываясь на мнениях ученых. Анализ также был направлен на то, чтобы ознакомить читателей с важными компонентами учебной программы, со сравнением учебных планов, с учеными, которые исследовали учебную программу, и сосредоточиться на дальнейших углубленных исследованиях учебной программы.

Ключевые слова: виды учебного плана, преподавание иностранных языков, методика преподавания, компоненты учебного плана, преимущества и недостатки учебного плана.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының алға қойған басты мақсаттарының бірі «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру» деп көрсетілген (Мемлекеттік бағдарлама, 2020: 27). Олай болса, еліміз Егемендік алып, халықаралық аренаға шығуымен қатар, шет тілдерін жан-жақты меңгеру де жетекші рөлге ие болғаны рас. Әсіресе, үштілділік саясатына байланысты, ағылшын тілінің беделі артты. Сонымен қатар, ағылшын тілін қалай оқытамыз, қандай әдістер тиімді, қандай мазмұнда оқытамыз деген сияқты мәселелер зерттеу тақырыбына айналды. Қазақстандық білім жүйесінде оқу бағдарламасы – білім беру құрылымының және оқу үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз етудегі ең маңызды элементтердің бірі. Пән бойынша оқу бағдарламасы (силлабус) Типтік оқу жоспарлары мен Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес құрастырылады. Кредиттік оқу жүйесі талаптарының бірі оқу бағдарламасының құрылымы мен ретін әрбір білім мекемесі тәуелсіз, жеке айқындайды. Әр жеке оқытушы оқу-әдістемелік кешенінің құрамдас бөлігі – пәннің оқу бағдарламасын да құрастырады (Негізгі ережелер, 2011:5).

Мақаланың мақсаты – әлемдік және отандық контексте силлабус ұғымының мәнін ашу; силлабустың түрлерін талдап, ерекшеліктері, кемшіліктері және артықшылықтарын ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, талқылау.

Зерттеудің методологиясы мен әдістері – зерттеу барысында тарихи, салыстырмалы-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау, салыстыру т.б. әдістер қолданылды.

Әдеби шолу

Алдымен силлабус сөзінің мәніне тоқталсақ, силлабус (syllabus) сөзі грек тілінен (syllibos) аударғанда, “тізім” деген мағынаны білдіреді. Силлабус арнайы курста оқытылатын тақырыптар немесе кітаптар, әсіресе нәтижесінде емтихан тапсырумен аяқталатын курс (Кембридж сөздігі). Силлабус – аудиторияда орындалатын іс-әрекеттерді анықтайтын құжат. Силлабус апта сайын сабақ тақырыптарын еске салып отыратын немесе әрбір тақырыптың егжей-тегжейлі түйіндемесі, үй тапсырмасы және емтихан сұрақтарын қамтитын құжат болуы мүмкін. Силлабус стилі мұғалімнің таңдауы болып табылады (Онлайн сөздік). Бірқатар ғалымдардың пікірінше, силлабус дегеніміз, “студенттердің курс туралы сұрақтарына жауап беру үшін және курс талаптарын орындай алмаған жағдайда не болатындығын түсіндіруге арналған студент пен оқытушы арасындағы контракт” болып табылады (Слаттери т.б., 2005:160, Пинеман,1985: 50). Жалпы силлабустың даму тарихы Х. Стерн, А. Хоуат, Г. Бриндли, Дж. Робертс, С.Кандлин т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылса, силлабустардағы айрықша өзгерістер Д.Ричардс бен Т.Тони, Б.Томлинсон, Р.Робинсон, Хатчинсон және Уатерс т.б. еңбектерінде кездеседі. Ал силлабус жасауда оқытушы өзі жүргізетін курсы жасап, академиялық бостандыққа ие болады. Академиялық бостандық нақты жауапкершілікті талап етеді (Ватерлоо сөздігі:1). Кандлиннің

ұсынуы бойынша, силлабус ретроспективті де бола алады, бұл дегеніміз силлабус курс аяқталғанша болмайды. Керісінше, ол сабақтар өткен соң, не өтілгендігі тіркеліп отырады және сабақ мазмұнын келістіруге ешқандай бақылау, бағалау шектеулері қойылмайды (Кандлин, 1984: 30).

Хесс пен Уиттингтон оқу жоспарын «тілді оқыту мақсаттарын таңдау және саралау» ретінде қарастырса, (Хесс, 2003:25) Брин бұл оқытушыларымыздың оқытуы мен студенттеріміздің оқуы арқылы «қол жеткізуге болатын жоспар» дейді (Брин, 1987: 82).

Робинсон силлабус дегеніміз сабақтар бойынша қабылданған шешімдер мен олардың орындалу ретін құрастыру деп есептейді. Тіпті, силлабус уақыты тығыз оқытушы үшін қарапайым сабақ ретін еске түсіруші ретінде қолданылуы мүмкін (Робинсон: 16). Дегенмен, жақсы құрастырылған силлабустың пайдасы әлдеқайда көп болады. Жақсы құрастырылған силлабус оқытушының педагогикалық сеніміне жол ашады.

Томлинсонның пікіріне сүйенсек, силлабус:

- Түрлі жанрдағы мәтін түрлерімен қамтамасыз ету;
- Тілді үйрету үшін түрлі мультимедианы пайдалану;
- Тіл үйренушілер өздері үшін жаңалық ашуға көмектеседі;
- Тіл үйренушілер автономды болуға көмектеседі;
- Ауқымды тыңдау және көптеген оқу үшін қосымша материалдарды ұсыну үшін құрастырылады (Томлинсон, 2008: 27).

Хатчинсон және Уатерс силлабустың мақсатын төмендегідей анықтайды:

- мұғалімдер мен тіл үйренушілерге моральдық тұрғыдан қолдай алатын оқулықтар мен нұсқаулық блоктарға практикалық негіз болатын тілдік бірліктерге бөлу;
- студенттерді және/немесе тұтынушыларды курстың жақсы жоспарланғанына сендіру;
- тіл мен тілді үйренуге қатысты – студенттердің нені үйренетіндігін ғана емес, не үшін екендігін білуі керек;
- материалдар, мәтіндер мен жаттығуларды сұрыптауға бағыт беру;
- мектепте немесе білім беру жүйесінде бірізділік ұстанымын қамтамасыз ету;
- студенттің курс барысында қаншалықты жетістікке жеткенін тестілеу арқылы бағалау (Хатчинсон, 1987: 83,84).

Томлинсон силлабус жаңашыл, түрлі, тартымды ұсынылымы, мазмұны қызықты, қол

жетімді, яғни үйренуге болатындай болуы керектігін атайды. (Томлинсон, 2008: 8).

Қазақстандық контексте силлабус – оқытылатын пәннің сипаттамасын, пәннің мақсаты мен міндетін, оның қысқаша мазмұнын, әр сабақтың тақырыбы мен өту ұзақтығын, өзіндік жұмыс үшін тапсырмаларды, кеңес беру уақытын, оқытушының талаптарын, бағалау критерийлерін, әдебиеттер тізімін және қосымшаны қамтитын пәннің оқу бағдарламасы болып табылады (Әдістемелік нұсқаулар, 2017:5). Пәннің оқу бағдарламасы – оқу пәнінен берілетін білім мен игерілетін дағдылардың мазмұны мен көлемін және оқу жылындағы орнын белгілейтін құжат. Оқу бағдарламасының түсінік хатында оқу пәнін оқытудың мақсаты, бағдарламаның құрылымы, оқу материалының жүйесі, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру формаларының ерекшеліктері көрсетіледі, сыныптағы және сыныптан тыс оқыту жұмыстарының басқа пәндермен байланыстылығы анықталады (Оқу бағдарламасы, 2019: 7).

Академиялық силлабустың жеті маңызды компоненті болады: оқытушы туралы ақпарат, жалпы курс туралы ақпарат, курс міндеттері, саясаты, бағалау өлшемдері, оқу ресурстары, курс календары (Оқу бағдарламасы, 2019: 7). Пәннің бағдарламасы – оқытылатын пәннің сипаттамасы; пәннің мақсаттары мен міндеттері: нені меңгеріп, қандай дағдылары болуы керек; оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттері; курс, семестр, кредит саны жайлы ақпарат; пәннің тақырыптық жоспары, оқу ұзақтығы, өзіндік жұмыс тапсырмалары, сағат саны; пәннің қысқаша ұйымдастырушылық-әдістемелік сипаттамасы; білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау жүйесі және практикалық сабақтарда бағалау критерийлері; пәннің оқу әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуі ұсынылады. Сонымен силлабус дегеніміз, нені оқыту және қалай оқыту керек, қалай бағалау керек деген сияқты маңызды мәселелерді қамтитын, оқытудың негізгі жоспары және оқытушы басшылыққа алатын маңызды құжат деп ойлаймыз.

Ричардс пен Роджерс силлабус құрастырудың мынадай үш деңгейлі әдісін ұсынады: тәсіл (Approach) (негізгі теориялар), дизайн (Design), (мазмұнды таңдау) және процедура (Procedure) (іс-әрекеттің ерекшелігі). Бұл әдіс мұғалімдерді үш деңгейдегі дамуды және өзара байланысты қарастыруға мәжбүр ететін әдіс. Ричардс және Роджерстің ұсынып отырған жобасы, мұғалімдер мен құрастырушылардың біріншіден, теориялық білімдерін күшейтуге;

екіншіден, теорияның курсты құрастыруға қаншалықты байланысты екенін тексеруге мәжбүр етуі мүмкін; үшіншіден, аудиторияда не орындалатындығын теория арқылы жақсартуға немесе түзетуге көмектеседі (Ричардс, Роджерс, 1982: 160).

Ағылшын тілін оқыту тарихында силлабустардың көптеген түрлері айқындалған. Олар бірін-бірі толықтырып, бірінен-бірі көп ерекшеленбеген. Ұсынылып отырған жұмыста силлабустың бірнеше түрлерін қарастырамыз. Ондағы мақсат, түрлі силлабустардың ерекшеліктері, компоненттері және артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап, салыстыру. Силлабустардың түрлеріне талдауды П. Робинсон, Р. Мерфи, Виддоусон, Брин, Уилкинс, Ричардс пен Роджерс т.б. ғалымдар қарастырған.

Жалпы оқу бағдарламалары шетел тілін үйрену мен тілді үйрету әдістемелері дамыған сайын, қоса дамып, өзгеріп отырған сияқты. Шетел тілін үйрену ертеде Сирия, Египет, Греция, Римда сауда мен мәдениеттің дамуына байланысты басталған. Кейін Орта ғасырларда шетел тілін үйрену жалғасып, грек және латын тілдері шетел тілдері ретінде дами бастаған. Латын тілі 15 ғасыр көлемінде доминантты шетел тілі болған. Латын тілін білу – білімділіктің белгісі. Ең алғашқы пайда болған әдістердің бірі, латын тілін меңгерудегі аударма әдісі. Кейін Батыс Еуропаның дамуымен қатар бірнеше ұлттық тілдер аренаға шыққан. Латын тілін меңгеру әдістемесі біртіндеп француз, неміс, ағылшын тілдерін меңгеруге де қолданыла бастаған (Бабаева, Ахмедова, 2014: 19).

Ал әдіс ұғымына қысқаша тоқталсақ, әдіс дегеніміз – тіл үйренушінің ойлауына әсер етіп, оны дұрыс арнаға бұра білетін тұтас, күрделі өнер. Оқыту әдісі – бұл «білім алушылардың танымдық және практикалық іс-әрекетін ұйымдастыратын, олардың білім мазмұнын меңгеруін және сол арқылы оқу мақсаттарына жетуін қамтамасыз ететін мұғалімнің іс-әрекеттерінің жүйесі». Батыс Европадағы экономикалық өзгерістер мен капиталистік қарым-қатынастардың дамуы әлеуметтік талаптар мен қажеттіліктерді өзгерткен. Нәтижесінде XIX ғасырдың 70-жылдары табиғи әдіс дамыды. Кейін тура әдіс (Фиетор), грамматикалық әдіс, ауызша әдіс (Пальмер, Уест), саналы-салыстырмалы әдіс (Щерба), аудио-лингвалды әдіс (Ладо, Фриз), кейіннен Кобленцтің синтетикалық әдісі, Осборнның брейнсторминг әдісі, Лозановтың сугестопедиялық әдісі, Китайгородскаяның жеделдетіп оқу әдісі, С. Крашеннің тілді табиғи

жолмен (жаттанды емес) үйрену (Natural Order Hypothesis) әдісі, Калев Гатенью «SilentWay» (Үнсіз тәсіл) әдісі сияқты коммуникативті әдістер пайда болды. Осылайша, зерттеушілер әдіс түрлерін дамытқан сайын, сол әдістермен бірге грамматикалық оқу бағдарламасы, мәндік-функционалдық оқу бағдарламасы, лексикалық, жағдаяттық, коммуникативтік, құрылымдық, мазмұндық, өнімдік, үдерістік, тапсырмалық, мәтіндік тағы басқа көптеген силлабус түрлері пайда болған. Төменде аталған силлабустардың бірнешеуіне тоқталсақ.

Өнім силлабустары (Product syllabus) меңгеруге бағытталған лингвистикалық мазмұнды қамтиды. Бұл өте айқын, нақты белгіленген және формальды силлабус түрі, мысалы, грамматикалық тақырыптар немесе жаңа сөздер тізімі. Мұндай силлабус түрі шынайы өмір жағдаяттарын қолданбай-ақ жүзеге асады және бұл тестілеуге дайындау үшін қолайлы жұмыс жоспары. Оқу бағдарламасының бұл түрін мазмұнды оқу бағдарламасы (content-based syllabus) деп те атауға болады. Өнім силлабусының ерекшелігі, оқытудың нәтижесі ретінде білім мен дағдыларды қалыптастыру, яғни оқытудың нәтижесіне көбірек көңіл бөлінеді.

Грамматикалық, функционалды және лексикалық оқу бағдарламалары өнімге негізделеді, өйткені олар грамматикалық, функционалды және лексикалық нәтижелерге бағытталған (Альшумаймери, 2009:18).

Оқу бағдарламасының жоғарыда аталған силлабусқа қарама-қарсы түрі бұл – үдерістік (Process syllabus) силлабус. Бұл оқу үдерісінің жиынтығын қарастырады, яғни, мазмұнды емес, тілді үйрету үдерісін анықтайды. Өнім оқу жоспары мен үдеріс оқу бағдарламасы бір-біріне сәйкес келмейді. (Альшумаймери, 2009:5) Үдерістік оқу бағдарламасы белгілі бір дағдыларды қалыптастыру үшін шынайы өмір жағдаяттарын жасайды. Үдеріс силлабусының маңызды сипаты – бұл оқу жоспары емес, инфрақұрылым болып табылады, оқу жоспарын құрастырушы оқу мазмұнын алдын ала таңдамайды, бірақ мұғалім мен оқушыға сабақта өзіндік оқу жоспарын құруға негіз береді. Осылайша, оқушылардың қабілеттерін, оқу қажеттіліктері мен қабылдауын өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл дәлел қисынды, бірақ екі силлабус түрін де сабақ жоспарларыңызға сәйкестендіруге болады. Үдеріс силлабусының авторларының бірі Брин, бұл силлабус: а) аудиторияда оқытушы, тіл үйренуші және тапсырмалардың синтезін жеңілдетеді; ә) мазмұн

мен әдіснамаға қатысты құралдарды ұсынады; с) шешім қабылдау өздігінен шынайы коммуникативті әрекет ретінде қарастырылады (Брин, 1987: 85).

Синтетикалық (Synthetic) оқу бағдарламасы тілдің ұсақ бөліктерін оқыту, нәтижесінде тілдің тұтас құрылымдарына негіз болады деп болжайды. Тілдің түрлі бөліктерін жеке-жеке оқыта отырып, қадам-қадаммен тілдің толық құрылымы жинақталғанша, тілді меңгеру. Мұндай оқу бағдарламасы грамматикаға негізделген педагогикаға сәйкес келеді. Синтетикалық силлабус тіл үйренушінің көп ұсақ бөліктерге бөлінген тілді қайтадан синтездеп, сол арқылы тілді меңгеруді жеңілдетеді. Ал аналитикалық (Analytic) силлабус, ол біріншіден, тіл үйренушінің қажеттіліктерін анықтауға және екіншіден, олардың сол қажеттіліктерін тиісті тілді қолданумен қанағаттандыруға тырысады. Уилкинс аналитикалық оқу жоспарын былай сипаттайды: екінші тілді оқыту мақсаттары және осы мақсаттарға жету құралдары ретінде. Бұл неғұрлым әлеуметтік, нақты және тіл үйренушіге бағытталған оқу жоспары. Екінші тілді үйренушілерге синтетикалық немесе аналитикалық силлабустың қайсысы сәйкес келетіндігіне келсек, екеуінің де бірдей пайдасы мен артықшылықтары бар. Бірақ аналитикалық оқу жоспары әлдеқайда кеңінен таралған (Уилкинс, 1976:23).

Сызықтық (Linear) оқу бағдарламасы жоғарыда аталған өнім оқу жоспарына ұқсас, ақпарат үстіне жаңа ақпараттар блогын қосуға тырысады. Ақпарат неғұрлым көп болса, соғұрлым көп білім болады деп болжанады. Бірақ мәселе мынада, Дорнейдің пікірінше, тіл үйрену бір сызықтың бойымен жүруге келмейді. Өйткені, адамның миы ақпаратты жадысына сақтап, қажет кезінде шығара қоятын компьютер емес. Сонымен қатар, тіл үйрену мотивациясы да сызықтық емес, циклды (Дорней, 1987:20). Тілді меңгеру әлдеқайда органикалық, табиғи процесс. Тіл үйрену үшін бізге қайта өңделіп отыратын немесе циклдік (Cyclical) оқу бағдарламасы қажет. Тәжірибелі тіл үйретушілер оқу бағдарламасын қайта өңдеу маңызды екенін біледі, сондықтан сызықтық оқу бағдарламасына кем дегенде кейбір циклдік ерекшеліктер енуі керек.

Грамматикалық силлабустың тарихи тамыры латын мектептерінен бастау алатындығы белгілі. Грамматикалық-аударма силлабусы тілді оқытуда, оқушылардың назарын алдына ала қалыптастыруға тырысады. Грамматикалық

аударма әдісі (grammar-translation method) дегеніміз шетел тілінен мәтінді аудару, мәтінге грамматикалықталдау жасау. Ол тұрабағытталған және материалдың меңгерілуін тексеру үшін аударма мен ережені жаттап алуды талап етеді. Қарапайым тілмен айтсақ, грамматикалық аударма әдісі күрделі емес және прагматикалық әдіс болып табылады, өкінішке орай «шетел тілін тиімді меңгеруге және дамытуға ықпал етпейді». Алайда, бұл әдіс аналитикалық оқу мен аударуды қалыптастырады (Гусевская, 2013: 68). Жалпы, тілді грамматикалық силлабусқа негіздеп оқыту жайлы әлі де талас-тартыс бар. Кейбір оқытушылар тіл үйрену грамматиканы үйретуден басталады дейді. Мысалы, Н.Д.Гальскова тіл үйренуші грамматиканы контексте меңгереді және грамматикалық ережелер мұқият түсіндіріледі десе (Гальскова, 2000:156), Э. Валле-Гастер грамматикалық оқыту шынайы өмір контексінен ажырататындықтан, оқытудың мағынасы жоғалады деп айтады (Валле-Гастер, 2006:2).

Грамматикалық-аударма силлабусының кемшіліктері: уақыттың көпшілігі аудармаға кетеді, тілді үйрену грамматиканы үйренумен шектеледі, мотивацияны жоғалтады, коммуникацияның жоқтығы, прагматикалық тәсіл қолданылады, айтылуға уақыт бөлінбейді (Баранов, 2001:156). Оқытушы да, тіл үйренуші де белгілі бір мақсатқа қол жеткізіп, өзін-өзі жоғары бағалап, қанағаттану сезімін тудырады. Сонымен қатар, (Дорней, 1987: 273) грамматикалық-аударма силлабусының артықшылықтары: көп уақытты қажет етпейді; мұғалімнің шет тілінде минималды еркін сөйлеуі мен құзыреттілігі жеткілікті; мұғалім үшін қауіпсіз; бағалау оңай (мысалы, тестілеу арқылы); талдау жасау қабілетін арттырады, тілдің құрылымын жақсы меңгереді т.б.

Мәндік-функционалдық (The notional-functional syllabus) оқу бағдарламасы грамматикалық силлабусқа қарсы жауап ретінде дамыды. Бұл силлабустың негізін қалаған авторлардың бірден-бірі Уилкинс болып табылады (Уилкинс, 1976:18). Тілдің формасын емес, мазмұнына мән бере оқыту қолға алынғандықтан, оқу жоспары мәндік силлабус деп аталады. Мәнділікке сөздер, зат есім, етістік, сын есім, үстеу – барлығы жатады және әлеуметтік-мәдени контексте мәнді қарым-қатынасқа көп көңіл бөледі. Мұнда грамматикалық құрылымдар қарым-қатынастың құралдары ретінде оқытылады. Ал функция – тілді белгілі бір мақсатқа қол жеткізу үшін қолдану, яғни коммуникативтікті жүзеге

асыру. Сол кездердегі тілдің әлеуметтік қолдану аспектілерінің өзгеруіне байланысты контекске баса мән бере отырып, коммуникативтік қадам басымдыққа ие бола бастады. Сондықтан, мәндік-функционалдық силлабус коммуникативтік мақсатқа бет бұрған алғашқы бағдарламалардың бірі (Лонг, 1990:28). Уилкинстің пікірінше, бұл силлабус түрі біріншіден, коммуникативтік; екіншіден, сөйлеуге бағытталғандықтан тіл үйренушінің мотивациясын тудырады; үшіншіден, тілдің барлық функцияларын қамтиды. Негізгі коммуникативтік мақсаттар функцияға байланысты екі жолмен беріледі: нақты құрылымдар мен формулалар арқылы; коммуникативтік немесе функционалдық тіркестер арқылы (Уилкинс, 1976:18). Ғалымдардың талдауына сүйенсек, мәндік-функционалдық оқу жоспары грамматикалық силлабусқа көп ұқсас, яғни мәндік-функционалдық силлабус грамматикадан түбегейлі бас тартпаған, оқытуға коммуникативтік мақсаттарды қосқан, мысалы: шақыру, кешірім сұрау, ұсыну, анықтау т.б., яғни грамматикаға мән мен функцияны қосып сөйлеуді жүзеге асырады. Мәндік-функционалдық силлабустан да ғалымдар біршама кемшіліктер тапқан: грамматикалық силлабус сияқты жаттанды тізімге бағынады, тіл үйренушінің қажеттіліктеріне толық жауап бере алмайды, талдауға тәуелді болғандықтан, бағалау қиындық тудырады (Альшумаймери, 2009:5). Мәндік-функционалдық силлабус грамматикалық оқу бағдарламасының жетілдірілуі ретінде қабылданатындықтан, оның бірнеше артықшылықтары бар. Ол нақты қарым-қатынас негізінде оқытудың нақты міндеттерін орындай алады. Ол жағдаят алдында контекстік түсіну мен іске асыру үшін құрал береді, өйткені ол мәдени қажеттіліктерге сәйкес келеді (Лонг, 1990:17).

Лексикалық силлабус (Lexical Syllabus) сөздерді үйренуге негізделген. Бұл силлабус түрі ең жиі қолданылатын (сөздердің жиілігі) сөздердің егжей-тегжейлі анализіне сүйеніп жасалған сөздерді, сондай-ақ, қарым-қатынаста қолданылатын таңдалған сөз тіркестерін, олардың мән-мағынасы мен заңдылықтарын қамтиды. Лексикалық силлабуста ұсынылған грамматикалық тақырып түрлі сөздердің заңдылықтарымен, ұғымдары мен функцияларымен байланыста ұсынылады. Лексикалық силлабустың мақсат-міндеттері ретінде, тіл үйренушінің белгілі бір тақырыпқа сөздер мен сөз тіркестерін үйреніп, оларды сөйлеуде жүзеге асыра білуі болып табылады.

Ғалымдар аталған силлабус түрінің артықшылықтары ретінде, оның анықтылығын және табиғилығын, шынайылығын атайды. Лексикалық оқу бағдарламасының тағы бір ерекшеліктерінің бірі оқу, үйрену жауапкершілігін тіл үйренушіге жүктеу (Уилкинс, Дорней, Лонг т.б.). Өйткені тіл үйренуші белгілі тақырыптарға іріктелген, дайын сөздер мен сөз тіркестерін оқып, талдау барысында есте сақталады, тіл меңгеріледі.

Алайда, басқа ғалымдар лексикалық силлабустың бірқатар кемшіліктерін ұсынған. Олар тілді меңгерудің стандартты немесе біріктіруші теориясы жоқ; бір сөзге немесе сөз тіркестеріне тым көп көңіл бөлінеді деген сияқты кемшіліктерді атаған (Ричардс, Роджерс, 1982:13). Лексикалық силлабустың «теориялық тұрғыдан әлеуеті жоғары, бірақ оқу бағдарламасы бола алатындай дамымаған» және ілімге негізделген біріккен теория болмаса, лексикалық оқу бағдарламасы таяз, ол көбінесе басқа силлабустармен бірігіп қана қолданысқа ене алады деп қорытады.

Тапсырмаға негізделген силлабус (Task-Based syllabus) оқуға (оқытуға) бағытталған силлабус түрі. Бұл силлабус нақты әдістеме мен нақты теорияға негізделетін, оқу әдістемесінен ажыратылмайтын силлабус болып табылады. Дорнейдің пікірінше, тапсырмаға негізделген силлабус коммуникативтік оқытудың немесе мәндік-функционалдық силлабустың қайта өңделген түрі және айырмашылығы, формаға көбірек назар аударуы мүмкін екендігі (Дорней, 1987: 121). Жоғарыда атап өткеніміздей, тапсырмаға негізделген силлабус әдістемеге негізделгендіктен, оны оқу бағдарламасының орнына әдіс ретінде қарастыруға да болады. Осылайша, бұл силлабус түрі басқа оқу бағдарламаларына қосылып, оларды әлдеқайда жетілдіруге үлкен үлес қосады. Сонымен қатар, бұл силлабус аясында тіл үйренушілерге ұсынылған тапсырмалар негізінде нақты коммуникативті міндеттерді жүзеге асыру үшін еркіндік беру керек (Гальскова, 2000: 260).

Сондықтан ол алдын ала таңдалған лингвистикалық мазмұнды меңгеруді төмендетіп, тілді меңгеру процесін алға жылжытуға арналған мұғалімдер тандаған тапсырмаларға негізделген процедуралық оқу бағдарламасы болуы керек (Лонг, 1990: 660).

Ал тапсырма дегеніміз не? Оқытуға қатысты кез келген нәрсені тапсырма ретінде қарастыруға болады, тапсырманың өзі жеке ауқымды тақырып. Е.И. Пассов тілдің коммуникативті

аспектілерін меңгерудегі тапсырмалардың үш түрін көрсеткен: 1) Сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар; 2) Сөйлеу дағдыларын жетілдіруге бағытталған тапсырмалар; 3) Өз сөйлеу дағдыларын дамытуға, үйренген лексикалық материалды жандандыруға бағытталған тапсырмалар (Пассов, 1987: 30). Тапсырма мақсат-міндетке қол жеткізу үшін және тілді қолдануды қажет ететін іс-әрекет екені белгілі.

С.С. Саббах тапсырмаға негізделген силлабусының өзін үш типке бөліп көрсеткен: процедуралық (Procedural syllabus) силлабус, үдерістік (Process syllabus), дағдыларға негізделген (Skill-Based syllabus). Процедуралық силлабусының мәні, форманы үйренуде, ішкі түйсікті кірістіре отырып, оның мағынасына мән беру. Үдерістік силлабус оқу үдерісінде кім нені қалай үйренетіндігін қарастырады. Дағдыларға негізделген силлабус тіл үйренушінің оқу, жазу, сөйлеу, тыңдау дағдыларын қамтиды (Саббах, 2018:135).

Жағдаяттық (Situational syllabus) оқу жоспары. Жағдаяттық оқу жоспары семантикалық силлабустар құрамына енеді және тілді үйретуде өте маңызды элементтердің бірден-бірі шынайы немесе жасанды жағдаяттар арқылы оқытуды ескереді. Жағдаятты жүзеге асыру үшін әдетте екі немесе одан да көп тіл үйренушілер қатысады. Жағдаяттық оқу жоспарында белгілі бір жағдаяттарда пайда болатын тілдік орамдарды, сөздерді, сөз тіркестерін жағдаяттар арқылы оқыту жүзеге асады. Әрине, бұл силлабус түрі тек қана жағдаяттар емес, лексика, грамматиканы да қамтиды. Жағдаяттық оқу жоспары “пәнге қарағанда тіл үйренушіге көбірек бағытталған” екен (Баранов, 2001:16). Тәжірибеден байқағанымыздай, жағдаяттар көбінесе диалогтар арқылы ұсынылады. Жағдаяттық оқу жоспарының кемшіліктерінің бірі, тақырыпқа байланысты құрастырылуы мен жасандылығында.

Мазмұнға негізделген силлабус (Content-Based syllabus) дегеніміз «тілді оқыту мақсаттарымен астасқан мазмұнды оқыту» (Лонг, Крукс, 1992: 35). Бұл силлабус түрі тіл үйренуші оқып жүрген тілде мазмұн мен ақпаратты оқыту, яғни тілді үйрену мазмұн арқылы жүзеге асады. Мазмұнға негізделген силлабусының артықшылықтарының бірі, тіл үйренушінің тілді қызықты және әр түрлі тақырыптар арқылы, сол тақырыптарда коммуникация жасау арқылы, шынайы өмірден алынған мазмұн мен тақырыптар арқылы үйренуге мүмкіндік алатындығында.

Аталған артықшылықтар тіл үйренушінің тіл үйренуге қызығушылығы мен мотивациясын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, мазмұнға негізделген силлабус аутентикалық материалдарды пайдалануға, олар арқылы тілдің төрт дағдысын меңгеруге, түрлі мазмұн арқылы тілді түсінуге көмектеседі. Алайда, зерттеушілер бұл силлабус түрінің де кемшіліктерін анықтаған. Атап айтсақ, оқытушының тақырыпты толық білмеуі (ол шындық, мысалы саясат, география, жануарлар әлемі т.б. көптеген тақырыптың барлығын білмеуі мүмкін ғой), уақыттың жетіспеушілігі, арнайы мамандыққа қатысты материалдар тапшылығы және оқытушының тіл мен мазмұн арасындағы интеграцияны ұйымдастыра білуі т.б. (Кавех, Атевех, 2014:224).

Мәдениет силлабусы. Тіл үйрету мен мәдениет бір-бірінен ажырамайтын, тұтас үрдіс екені белгілі. Тілді мәдениетсіз үйрету де мүмкін емес, сондықтан мәдениетті тіл үйрету барысында кіріктіру қажет. Шетел тілін оқытуда мәдениет мәселесін зерттеген көптеген ғалымдардың ішінен Сандра Ли Маккей, Дж.Хармер т.б. атауға болады.

Мәдениет силлабусының мәні шетел тілін оқытудағы пәннің мазмұны. Көптеген ғалымдардың зерттеу тақырыптарының өзегі болған бірден-бір мәселе, пәннің мазмұны мақсатты тілдің мәдениетіне сүйене ме, әлде тіл үйренушінің ана тілінің мәдениетіне сүйену керек пе деген болған, әлі де жалғасуда. Л. Смитт бұдан 30-40 жыл бұрын, ағылшын тілі халықаралық тіл деңгейіне жеткен кезде, ағылшын елдерінің мәдениетін насихаттаушы емес, керісінше, халықаралық тіл ретінде, оның мақсаты ағылшын тілі үйретіліп жатқан елдің мәдениетін, тарихын басқаларға жеткізу деп пікір айтқан (Мухтарханова, 2016: 56). С. Маккейдің пайымдауынша, қазіргі уақытта ағылшын тілі мұндай қызмет атқарып отырған жоқ, керісінше, ағылшын тілінде сөйлеуші елдердің мәдениетін насихаттаушы ретінде рөл атқарып отыр. Біріншіден, кейіпкерлердің барлығы ағылшын тілінде сөйлеуші елдердің өкілі болып келеді; екіншіден, батыс кейіпкерлерін, оның мәдениетін оқу материалында қолдану міндеттілік ретінде қабылданады (Маккей, 2004: 12). «Қазақстанда да үйретілетін шетел тілі елінің мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрлері туралы оқыту мектеп қабырғасынан басталып, бакалавриат, магистратурада да жалғасып жатады. Үйретілетін шетел тілі туралы толыққанды тақырыптар жүйесі мектеп бағдарламасына, оған қоса жоғары оқу орындарының тілдік емес мамандықтарына

арналған типтік бағдарламаға да енгізілген» (Мухтарханова, 2016: 57). Біздің елімізде шетел тілін жергілікті контексте және мәдениетке негіздеп оқыту әлі де мәресіне жете қойған жоқ.

Ал енді бір зерттеушілердің көзқарасы бойынша, тіл үйренуші мақсатты тілдің мәдениетін неғұрлым көп, терең білетін болса, онда қарым-қатынаста мақсатты тілді оңай және тез түсінетіні ақиқат. Яғни, мақсатты тіл мәдениетін білу – бұл саналы қарым-қатынаста шешуші рөл атқаратын маңызды компонент екендігі жиі мойындалады (Исмайл, 2015:225).

Мәдениет силлабусында мақсатты тілдің мәдениетіне баса назар аударудың артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Оның артықшылықтарына студенттердің мақсатты тіл елінің мәдениетіне қызығушылық тудыруы жатады. Кемшіліктерін атасақ, кейбір тіл үйренушілер үшін мақсатты тіл елінің мәдениеті қызықсыз болуы мүмкін, тіл үйренушілер үшін мәдениет конфликтілері туындауы мүмкін, материалдық аздығы т.б. Ал ғалымдар жергілікті мәдениетке негіздей оқытудың ерекшеліктері ретінде: өздеріне таныс материал жөнінде көбірек ақпарат алу мүмкіндігі; өз мәдениеті туралы талқылау үшін сөздік қорын молайтады; егер оқытушы мақсатты тіл өкілі болса, тіл үйренушінің мәдениеті туралы ынтымақтастықпен тыңдайды. Тіл үйренушінің ана тілінен таныс материалды шет тілінде қайта оқуы оны аса қызықтырмауы мүмкін деген болжам, оның кемшілігі болып табылады (Маккей, 2004: 5).

Бірнеше деңгейлі силлабус. К. Джонсон және Н. Джонсон айтуы бойынша, бірнеше деңгейлі силлабус түрін ең алғаш ұсынған ғалым Х.Х. Стерн. Бұл силлабус түрі шетел тілін оқытуда бірнеше деңгейлерді біріктірген: а) коммуникативті оқу жоспары; ә) тілді оқу бағдарламасы; б) мәдени оқу бағдарламасы; в) жалпы тілдік білім беру бағдарламасы. Бұл силлабустар шетел тілін оқыту үрдісі тіл үйренушілердің қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне негізделеді деп болжанады (Джонсон т.б., 1982: 20).

Коммуникативтік оқу жоспары тіл үйренушінің жасына және қызығушылықтарына сәйкес келетін тәжірибесі айналасында топтарды дамытуға бағытталған және шынайы коммуникативті жағдайларда үйрену қажеттілігін көрсетеді. Тілдік оқу бағдарламасы тілді оқытудағы тілдік элементтердің рөлін анықтайды, яғни студенттердің коммуникативті қажеттіліктеріне негізделген грамматика, синтаксис, фонетика және лексиканы оқытуда контекстік тұрғыдан қарауды ұсынады. Мәдени

оқу бағдарламасы тіл мен мәдениеттің байланысы мен тіл үйренушінің мәдени түсінігі пен білімін дамыту, мақсатты тілдің мәдениетін бағалау және көп мәдениетті әлемді қабылдап, сыйлау қажеттілігіне назар аударады. Жалпы тілдік білім беру бағдарламасы оқу стратегиясының маңыздылығына баса назар аударып, тілді қалай үйрену керектігі мен лингвистикалық салыстыру, қорытынды жасау, мәдени ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға бағытталған.

Бірнеше деңгейлі силлабусың артықшылықтары ретінде, зерттеушілер оның тілдің бірнеше қырларын ашатындығында, сабақты ұйымдастыруда жан-жақты құрылымдары мен үлгі қамтитындығында. Педагогикалық тұрғыдан да, аталған силлабусың әлеуметтік-педагогикалық мәні зор. Алайда, бұл силлабус түрінің де кемшіліктері анықталған: аса көп өзгерістер тіл үйренушіге шамадан тыс салмақ салуы мүмкін. Бір уақытта грамматика мен лексиканы қатар алу мүлде қиын және нәтиже минималды болады (Джонсон т.б., 1982: 331).

Нәтижелер мен талқылау

Мақала барысында анықталғандай, силлабус оқу сабақтарының жоспары мен тізімі, оқу саясаты мен процедуралары туралы ғана ақпарат емес, әлдеқайда терең және маңызды құжат. Тіл үйренуші/білім алушы оқытушыдан бұрын силлабусы көреді, силлабуспен танысады, сондықтан силлабус жалпы пән туралы, тіпті оқытушы туралы алғашқы пікір қалыптастырушы болады. Силлабуспен танысу арқылы білім алушы пәнді таңдайды, сенім артады. Силлабусы мұқият қарап шыққан тіл үйренуші оқу пәнінің нәтижесіне үміт артады. Зерттеу барысында байқағанымыздай, силлабус құрастырудағы маңызды компоненттердің бірі – силлабус мақсаты. Мұнда құрастырушы тілді оқытуда, қандай дағды басымдылыққа ие, қандай силлабус түрін таңдайтындығын шешіп алуы қажет. Қазіргі уақытта қатысымдық (коммуникативтік) әдіс жетекші әдіс болғандықтан, қай силлабус түрін таңдасақ та, шешуші мақсат, қатысымдық мақсатқа қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Қатысымдық мақсат, «тіл үйренушінің ойлау, эмоционалды белсенділігі, сабақтағы түсіністік, сенімі арқылы суреттеледі. Ол үшін, арнайы тәсілдер, ойындар; қарым-қатынасқа бағыттау факторлары; тіл үйренуші мен оқытушының қатысымдық әрекеттері қажет» (Мухтарханова, 2016: 63). Силлабусың келесі шешуші компоненті, оның мазмұны болып табылады. Силлабус мазмұнының сапасы, курс оқы-

тушысының сапасы мен деңгейінен де сыр береді. Силлабус мазмұны неғұрлым күрделі және қызықты материалға толы болса, соғұрлым оқытушыдан да жоғары деңгей талап етілері сөзсіз. Силлабус мазмұны тіл үйренушінің «лингвистикалық, тілдік, әлеуметтік-мәдени, стратегиялылық, пәндік» құзіреттіліктерін, білім мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталады (Цику, 2014: 317). Силлабус мазмұнын таңдауда, құрастырушы кездесетін біршама кедергілер болады. Мазмұн жергілікті тақырыпқа негізделсе, онда материал аутентикалық болмайды, аударма болады. Аутентикалық материалды алсақ, оның мазмұны шетелдік және отандық болмайды. Мысалы, Қазақстан тарихы, географиясы немесе салт-дәстүрі т.б. жергілікті тақырыптарды алсақ, олар аударма материал болады. Сондықтан, шетел тілін оқытуда силлабус мазмұнын таңдау әлі де шешімін таппаған мәселелердің бірі.

Қорытынды

Ұсынылған жұмыста шетел тілін оқытуда қолданылатын силлабус түрлеріне талдау жа-

салды. Силлабусқа қысқаша анықтама, тарихы, артықшылықтары мен кемшіліктері, оқу жоспары мен әдістемесі, шет тілін оқытудағы тәсілдермен байланысы сияқты әр қырынан талдауға қадам жасалды.

Силлабус еліміздегі контексте бір ғана мақсатта қолданылады: сабақтың жоспары және сағат санынан ақпарат беретін құжат ретінде. Силлабус құрастыру барысында, тіл үйренушінің қажеттіліктері, тіл үйренушінің жеке мақсат-міндеттері мен қызығушылықтары есепке алынып, шолу немесе зерттеу жүргізілмейді. Ал силлабус сабақтың жоспары мен оқытушы жайлы қысқа мәлімет беретін құжат қана емес, тұтас оқыту әдістемесін, құрылымын, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік мазмұнды ашатын және басқа да көптеген функцияларды атқаратын жан-жақты бағдарлама.

Мысалы, тіл оқытудағы мәдениет мазмұны, жағдаяттық силлабус, мазмұндық силлабус, лексикалық силлабус т.б. елімізде көп зерттелмеген тақырыптар. Олай болса, силлабус жасауда тереңірек зерттеуді қажет ететін тақырыптар баршылық.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Кіру режимі: <https://bilimdinews.kz/?p=84566> (Кірген күні: 1.01.2020)
2. Правила организации учебного процесса по кредитной технологии обучения. – Высшее образование. Бакалавриат. Основные положения. – Астана, 2011. - 4 с. (Утверждены приказом Министра No. 152 от 20 апреля 2011 г.)
3. <https://dictionary.cambridge.org/ru/>
4. <http://www.vocabulary.com/dictionary/syllabus>
5. Slattery, J.M., Carlson J.F. Preparing an effective syllabus: Current Best Practices.2005. pp.159-164. Кіру режимі: <https://doi.org/10.3200/CTCH> (Кірген күні: 2.01.2020)
6. Pienemann, M. Learnability and Syllabus Construction in Hyltenstamand Pienemann (eds): Modelling and Assessing Second Language Aquisition//Multilingual Matters. Clevedon, 1985. pp. 23-75.
7. https://uwaterloo.ca/english-teaching-portal/sites/ca.english-teaching-portal/files/uploads/files/what_is_a_syllabus_.pdf
8. Candlin C. Syllabus design as a critical process. In C. J. Brumfit (ed.), General English syllabus design. Oxford: Pergamon, 1984. pp. 29-46.
9. Jana L. Hess, M. Susie Whittington Developing an Effective Course Syllabus//NACTA Journal. 2003. Vol. 47, No. 3. pp. 23-27. Reth<https://www.jstor.org/stable/43765776?seq=1>
10. Breen M.P. Contemporary paradigms in syllabus design, part I//Language Teaching.1987.Vol.20. no.2. pp. 81-91.
11. Robinson P.S. (ed.) Task Complexity and Second Language Syllabus Design: Data-based Studies and Speculations//Special Issue of University of Queensland Working Papers in language and Linguistics. 1996. Vol.1. no.1. pp. 15-25.
12. Tomlinson B. (Ed.). English language learning materials: A critical review. London: Continuum, 2008. pp. 17-38.
13. Hutchinson T., Waters A. English for Specific Purposes. Cambridge: Cambridge University Press, 1987. pp. 83-84.
14. 2017-2018 Оқу жылына таңдау бойынша компонент пәндерге силлабус құру бойынша әдістемелік нұсқаулар. Кіру режимі: <https://kaznmu.kz/rus/wp-content/uploads/2017/09/1.-Метод.рек.-по-составлению-силлабуса-на-каз.pdf>(Кірген күні: 3.01.2020)
15. Оқу бағдарламасы. Кіру режимі: https://kk.wikipedia.org/wiki/Оқу_бағдарламасы.(Кірген күні: 2.01.2020)
16. Richards J., Rodgers T. Method: Approach, Design, and Procedure//TESOLQuarterly, 1982. Vol.16. no.2. pp.153-168.
17. Бабаева В.Т., АхмедоваН.И. История методов обучения иностранным языкам// Наука. Мысль. – 2014. – № 3 – С.18-29. Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/istoriya-metodov-obucheniya-inostrannym-yazykam/viewer>. (Дата обращения: 25.01.2020).
18. Alshumaimeri Y. Types of Language Syllabuses, 2009. Кіру режимі: https://www.academia.edu/8873563/Language_Syllabus_Types?auto=download(Кірген күні: 04.01.2020).

19. Wilkins D. Notional syllabuses. London: Oxford University Press. 1976. In Massoud Rahimpour. Current trends on syllabus design in foreign language instruction. pp. 1661-1664.
20. Dörnyei Z. Survey Article: Motivation in second and foreign language learning//*Language Teaching*, 1987. Vol. 31. pp. 117-135.
21. Гусевская Н.Ю. Теория и методика обучения языкам // *Ученые записки ЗабГУ* – 2013. - №4. – С. 167-171. Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/evolyutsiya-metodov-obucheniya-inostrannomu-yazyku/viewer>. (Дата обращения: 25.01.2020).
22. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам /пособие для учителя. – М.: АРКТИ, 2000. – 165 с.
23. Valle-Gaster E. Grammar-Based Instruction and English as a Second Language (ESL)//*Dissertation for the Degree of Doctor of Philosophy: The University of Texas*, 2006. DOI: <https://repositories.lib.utexas.edu/bitstream/handle/2152/2858/delvallegasterd97644.pdf>.
24. Баранов А.Н. Введение в прикладную лингвистику: Учебное пособие. – М.: Эдиториал УРСС, 2001. – 360 с.
25. Long M. The least a second language acquisition theory needs to explain//*TESOL Quarterly*, 1990. V24. pp. 649-666.
26. Пассов Е.И., Кузовлев В.И., Коростылев В.С. Цель обучения иностранному языку на современном этапе развития общества // *Иностранные языки в школе*. – 1987. – № 6. – С. 29-36.
27. Sabah S. S. English Language Syllabuses: Definition, Types, Design, and Selection//*Arab World English Journal*, 2018. Vol. 9. n.2. pp. 127- 142.
28. Long M., Crookes S. Three approaches to task-based syllabus design//*TESOL Quarterly*, 1992. Vol. 26. no.1. pp. 27-56.
29. Kaveh J., Atefeh T. Content-based syllabus//*European Scientific Journal*, 2014. Vol.1 p. 224.
30. Мухтарханова А.М. Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытуда студенттердің кәсіптік даярлығын қалыптастырудың дидактикалық шарттары: Монография. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2016. – 204 б.
31. Sandra McKay Western Culture and the Teaching of English as an international Language//*English Teaching Forum*, 2004. Vol. 42. no 5. pp. 10-15.
32. Ismail Ç. The Efficacy of Culture Based Syllabus in Teaching the Target Culture//*Anthropologist*. 2015. Vol. 21. no. 1. pp. 219-230. DOI: <https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED560795.pdf>
33. Sandra L.McKay Teaching English as an International Language: The Role of Culture in Asian Contexts//*The journal of Asia TEFL* , 2004. Vol. 1, no.1, pp. 1-22.
34. Johnson K. Communicative Syllabus Design and Methodology//*Elsevier Science and Technology*, 1982. p. 222. DOI: <https://www.k12.gov.sk.ca/docs/francais/frcore/sec/principle.html>.
35. Johnson K, Johnson H. Foreign Language Course Design//*Handbook of Foreign Language Communication and Learning*/ K. Knapp, B. Seidlhofer (Eds.). Berlin, 2009. pp.309-341.
36. Цику Л.Х., Арутюнов Э.К. Формирование компетенций в процессе обучения иностранному языку//*Международный журнал экспериментального образования*. – 2014. – № 10 – С. 316-329.

References

1. 2017-2018 Oku zhylyna tandau boynsha komponent panderge sillabus kuru boynsha adistemelik nuskaular. [Guidelines for creating syllabus for component courses of choice for the 2017-2018 academic year]. DOI: [https://kaznmu.kz/rus/wp-content/uploads/2017/09/1.pdf\(3.01.2020\)](https://kaznmu.kz/rus/wp-content/uploads/2017/09/1.pdf(3.01.2020)) (In Kazakh)
2. Alshumaimeri Y. (2009) Types of Language Syllabuses. DOI: https://www.academia.edu/8873563/Language_Syllabus_Types?auto=download
3. Babayeva V.T. Akhmedova N.I. (2014) Istoriya metodov obucheniya inostrannym yazykam [History of methods of training in inanimate languages] *Nauka. Mysl*, № 3, pp.18-29. DOI: <https://cyberleninka.ru/article/n/istoriya-metodov-obucheniya-inostrannym-yazykam/viewer>. (In Russian)
4. Baranov A.N. (2001) *Vvedeniye v prikladnyuyu lingvistiku* [Introduction to Applied Linguistics]: Uchebnoye posobiye. M. Editorial URSS. 360 p. (In Russian)
5. Breen M.P. (1987) Contemporary paradigms in syllabus design, part I//*Language Teaching*. Vol.20. no.2. pp. 81-91.
6. Candlin C. (1984) Syllabus design as a critical process. In C. J. Brumfit (ed.), *General English syllabus design*. Oxford: Pergamon. pp. 29–46.
7. Dörnyei Z. (1987) Survey Article: Motivation in second and foreign language learning//*Language Teaching*. Vol. 31. pp. 117-135.
8. Galskova N.D. (2000) *Sovremennaya metodika obucheniya inostrannym yazykam* [Modern methodology of teaching foreign languages]/posobiye dlya uchitelya. M.: ARKTI. 165 p.
9. Gusevskaya N.Yu. (2013) *Teoriya i metodika obucheniya yazykam* [Theory and methodology of language teaching]. *Uchenyye zapiski ZabGU*, №4, pp. 167-171. DOI: <https://cyberleninka.ru/article/n/evolyutsiya-metodov-obucheniya-inostrannomu-yazyku/viewer>. (In Russian)
10. <http://www.vocabulary.com/dictionary/syllabus>
11. <https://dictionary.cambridge.org/ru/>
12. https://uwaterloo.ca/english-teaching-portal/sites/ca.english-teaching-portal/files/uploads/files/what_is_a_syllabus_.pdf
13. Hutchinson T., Waters A. (1987) *English for Specific Purposes*. Cambridge: Cambridge University Press, 1987. pp. 83–84.

14. Ismail Ç. (2015) The Efficacy of Culture Based Syllabus in Teaching the Target Culture//*Anthropologist*. Vol. 21. no. 1. pp. 219-230. DOI: <https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED560795.pdf>
15. Jana L. Hess, M. Susie (2003) Whittington Developing an Effective Course Syllabus//*NACTA Journal*. Vol. 47, No. 3. pp. 23-27. Reth^t<https://www.jstor.org/stable/43765776?seq=1>
16. Johnson K, Johnson H. (2009) Foreign Language Course Design//*Handbook of Foreign Language Communication and Learning/ K.Knapp, B. Seidlhofer (Eds.)*. Berlin. pp.309-341.
17. Johnson K. (1982) Communicative Syllabus Design and Methodology//*Elsevier Science and Technology*. p. 222. DOI: <https://www.k12.gov.sk.ca/docs/francais/frcore/sec/principle.html>.
18. Kaveh J., Atefeh T. (2014) Content-based syllabus//*European Scientific Journal*. Vol.1 p. 224.
19. Kazakstan Respublikasynyn Bilim berudi zhane gylmydy damytudyn 2020-2025 zhyldarga arnalgan memlekettik bagdarlamasy. [State Program of Education and Science Development of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025]. DOI: <https://bilim-dinews.kz/?p=84566>. (In Kazakh).
20. Long M. (1990) The least a second language acquisition theory needs to explain//*TESOL Quarterly*. V24. pp. 649-666.
21. Long M., Crookes S. (1992) Three approaches to task-based syllabus design//*TESOL Quarterly*. Vol. 26. no.1. pp. 27-56.
22. Mukhtarkhanova A.M. (2016) Zhogary oku oryndarynda agylshyn tilin okytuda studentterdin kasiptik dayarlygyn kalyptastyrudyn didaktikalik sharttary [Didactical conditions for professional development of students in teaching English in higher education institutions]: Monografiya. - Astana: L.N. Gumilev atyndagy ENU. 204 p. (In Kazakh)
23. Oku bagdarlamasy. [Educational program]. DOI: https://kk.wikipedia.org/wiki/Oku_bagdarlamasy.
24. Passov E.I., Kuzovlev V.L., Korostylev V.S. (1987) Tsel obucheniya inostrannomu yazyku na sovremennom etape razvitiya obshchestva [The purpose of teaching a foreign language at the present stage of development of society]. *Inostrannyye yazyki v shkole*, № 6, pp. 29-36. (In Russian)
25. Pienemann, M. (1985) Learnability and Syllabus Construction in Hytlenstamand Pienemann (eds): *Modelling and Assessing Second Language Aquisition//Multilingual Matters*. Clevedon. pp. 23-75.
26. Pravila organizatsii uchebnogo protsessa po kreditnoy tekhnologii obucheniya. Vysheye obrazovaniye. Bakalavriat. Osnovnyye polozeniya (2011) [Provisions of organization of the process on credit technology training. - Higher education. Undergraduate. Basic provisions.] Astana. 4 p. (Utverzhdeny prikazom Ministra No. 152 ot 20 aprelya 2011 g.) (In Russian)
27. Richards J., Rodgers T. (1982) Method: Approach, Design, and Procedure//*TESOL Quarterly*. Vol.16. no.2. pp.153-168. (In Kazakh)
28. Robinson P.S. (ed.) (1996) Task Complexity and Second Language Syllabus Design: Data-based Studies and Speculations// *Special Issue of University of Queensland Working Papers in language and Linguistics*. Vol.1. no.1. pp. 15-25.
29. Sabah S. S. (2018) English Language Syllabuses: Definition, Types, Design, and Selection//*Arab World English Journal*. Vol. 9. n.2. pp. 127- 142.
30. Sandra L.McKay. (2004) Teaching English as an International Language: The Role of Culture in Asian Contexts//*The journal of Asia TEFL*. Vol. 1, no.1, pp. 1-22.
31. Sandra McKay. (2004) Western Culture and the Teaching of English as an international Language//*English Teaching Forum*. Vol. 42. no 5. pp. 10-15.
32. Slattery, J.M., Carlson J.F. (2005) Preparing an effective syllabus: Current Best Practices.pp.159-164. DOI: <https://doi.org/10.3200/CTCH.2.01.2020>
33. Tomlinson B. (Ed.). (2008). *English language learning materials: A critical review*. London: Continuum, 2008. pp. 17-38.
34. Tsiky L.H., Arytyrnov E.K. (2014) Formirovanie kompetentsii v protsesse obycheniia inostrannomy yazyku. *Mejdnarodnyy jurnal eksperimentalnogo obrazovaniia*. [Formation of competencies in the process of teaching a foreign language. *International journal of experimental education*] № 10, pp. 316-317. (In Russian)
35. Valle-Gaster E. (2006) *Grammar-Based Instruction and English as a Second Language (ESL)*//Dissertation for the Degree of Doctor of Philosophy: The University of Texas. DOI: <https://repositories.lib.utexas.edu/bitstream/handle/2152/2858/delvallegasterd97644.pdf>.
36. Wilkins D. (1976) Notional syllabuses. London: Oxford University Press. In Massoud Rahimpour. *Current trends on syllabus design in foreign language instruction*. pp. 1661-1664.